

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидаларын бекiту туралы

Күшiн жойған

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкiмдiгiнiң 2014 жылғы 5 тамыздағы № 168 қаулысы. Қостанай облысының Әдiлет департаментiнде 2014 жылғы 4 қыркүйекте № 5062 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкiмдiгiнiң 2015 жылғы 13 мамырдағы № 97 қаулысымен

Ескерту. Күшi жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкiмдiгiнiң 13.05.2015 № 97 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" Заңының 31 бабына және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттiк мүлiк туралы" Заңының 18 бабына, Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 "Мемлекеттiк мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекiту туралы" қаулысына сәйкес Алтынсарин ауданының әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берiлiп отырған Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары б е к i т i л с i н .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

Аудан әкiмi

Б. Ахметов

Ә к i м д i к т i н

2 0 1 4 ж ы л ғ ы 5 т а м ы з д а ғ ы

№ 168 қаулысымен бекiтiлген

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары

Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттiк тұрғын емес қор объектiлерiнiң 1 шаршы метрiн пайдалану үшiн жылдық жалдау ақысының базалық мөлшерлемесi 1 айлық есептiк көрсеткiштi құрайды.

1. Мемлекеттiк тұрғын емес қор объектiсiн мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) арналған жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесi мынадай формула бойынша

есептеледі:

$$Жа = Бм * K_1 * K_2 * S, \text{ мұндағы:}$$

Жа - мемлекеттік тұрғын емес қор объектісінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Бм - базалық мөлшерлеме, 1 айлық есептік көрсеткіші;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

S - жалдауға алынған үй-жайдың ауданы (шаршы метр).

Объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент:

Аумақтық аймақ	K_1
Алтынсарин ауданы	1,6

Құрылыс түрін есепке алатын коэффициент:

Құрылыс түрі	K_2
Жеке тұрған	1
Қосымша салынған	1
Жартылай жертөле	0,85
Жертөле	0,70
Қоймалық	0,60

2. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Жн = АТ + (БҚ * ҚМ), \text{ мұндағы:}$$

Жн - жылдық жалдау ақысы;

АТ - 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабымен анықталған амортизацияның шектелген нормаларына сәйкес амортизациондық төлемдердің сомасы;

БҚ - баланстық құны;

ҚМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі.

3. Жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын (сағаттар бойынша) объектіні жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формулалар бойынша есептеледі:

облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор үшін: $Ж = S * Бм * K_1 * K_2 / ЖУ * N$, мұндағы:

Ж - жұмыс уақытын толық айдаланбайтын объектінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

S - ауданы (шаршы метр);

ЖУ - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны;

Бм - базалық мөлшерлеме, 1 айлық есептік көрсеткіші;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент.

Құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттар үшін: $Ж = (Ж_n / ЖУ) * N$, мұндағы:

Ж - жылдық жалдау ақысы;

$Ж_n$ - құрал-жабдықтарды автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды жалдау (жалға алу) үшін жылдық жалдау ақысы;

ЖУ - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны.